

талдайды. Әсемдік әлеміне сөз патшасы арқылы енудің сара жолын салып берген Абайдың эстетикалық таным-қалауын Т.Кәкішұлы ақынның сыни ойларымен қоса алып қабыстыра талдайды. Ғалымның «Өнерді өнегелі іспен, әлеуметтік мәнмен, талапкер қою – Абайдың сыншылық ойының өрелі биігі» [1, 45] деп ой сабақтайды. Абай талғамының өзінен кейінгі ұлттық поэзияның өкілдеріне ой салар, бастама болып бағаланар, өнерде жол ашар сілтеме болғандығын ақын өлеңдерінің эстетикалық танымға құрылған шумақтарынан үзіділер алып, жан-жақты талдап, зерделей келе: «Сөйтіп Абайдың көркем сөзге қояр талап-талғамы қазақ әдебиетін өркендету жолындағы эстетикалық жаңа норма болып қалыптасты» [1, 46] дейді өз ойының түйінінде.

Кітаптың «Өтпелі дәуір поэзиясы» атанған проза, сын, жанрларының мәселелерімен бірге бөлімнің «қазақ совет поэзиясының өсу жолындағы кездескен қиындықтар» тақырыбындағы шолуында ұлт поэзиясының жүріп өткен жолындағы кездескен кедергілерді үшке бөліп көрсетеді. Бүгінгі азат ел ғылымының көзқарасымен қарағанда Т.Кәкішұлы көрсеткен қиындықтардың кеңестік идеология ағымының жетегінде жазылғанын аңғаруға болады. Байшыл-ұлтшылдық пен кедейшіл-кеңесшіл ұғымдарының қоғам дамуындағы антонимдік қарама-қайшылығы әдебиетте де қозғаушы жетекші роль атқарғанын ескерсек, ғалымның аталған зерттеулер шоғырының неге «өтпелі дәуір поэзиясы» деп атанғанын бірден түсінуге болатындай. Зерттеуші саяси идеологиялық мазмұнын былай қойып, таза әдеби, ғылыми пайымдарына көз жүгіртсек, Т.Кәкішұлының көркемдік шеберлікке қатысты пікірлерінің лирика дамуындағы қажеттілігі дәуірлік кезең шындығынан алыс кетпейді. «Творчестволық өркендеу барысында кемістіктер болмады деген пікірден аулақпыз», -дейді ғалым өткенге мойын бұра, сонда да: «Кейбір шығармаларда өмір материалын қорыта, жинақтай алмағандықтан, реализмнің орнына натурализмнің элементтері де кездескенін жасыруға болмайды» [2, 57]. Бұндай келіссіз көріністердің кездесуін әдебиеттің өсіп-жетілуіндегі «қиындықтардан туған кінәраттарға» жатқызады.

«Дәуір дидарының» «Саяси лириканың қазақ совет поэзиясындағы орны» атанған тараушасында негізінен жаңа мазмұнның пайда болуы, ескі форманың бірте-бірте жаңаға орын беруі, тың ізденістердің пайда болуы сияқты өлең-сөздің өзекті мәселелері қозғалады. «Жоқты тыңнан жасауды, тудыруды талап еткен» заманның жаңаға ұмтылысындағы негізгі ізденістерді ғалым тұжырымының дәйегіне салып, сұрыптап сөз етсек мынадай жетістіктерді көруге болады:

1) Поэзия дәстүрінде көбіне лирикалық сыңайда сюжетсіз жырланатын өмір шындығы, сондай-ақ, дидактикалық сазы қалың боп келетін қазақ поэзиясының түрлері бұрынғыдан гөрі жетіле, өркендей түсіп, көркемдік даму барысында үлкен эпикалық шынға қол сермеді, өлең техникасына ырғақ, ұйқас, ритм, мақам жағынан бірқыдыру жаңалықтар ене бастады» [2, 57].

2) Қазақ поэзиясының (*Ескерту: совет сөзін жазбай отырмыз, ол ұғым қоғамдық құрылыстық ресми атануы ретінде қазақ сөзінен кейін орын алып отыруы – сол дәуірдің заңды рәсімі болатын. –З.М.*) өркендеу жолына көз салған уақытта, ертеден қалыптасқан өлең өрнектерінің жаңа мазмұнымен, жаңа образды тенеулермен, соны ырғақпен, тың ақындық леппен толыса түскені байқалады.

3) Табиғат лирикасында пейзаждың көркі өзгеріп, адам қуанышын әсірелейтін, көңілін көтеретін көрікті де әсем бояулар көзге түссе, махаббат лирикаларында сүйіскен жастардың көзінен шаттық нұры жарқылдайтын болды.

4) Сюжетті өлеңдермен циклдар, салмақты ойды сабырмен жеткізетін балладаның алғашқы нышандары көріне бастады.

5) Халық өмірін жырлауды өзінің борышы деп таныған кеңес әдебиетінің өкілдерінде поэзияның басқа түрінен гөрі саяси лирика ерекше басым болды.

Міне, осы бес ерекшелікті сол кезең поэзиясының жетістігінің нақты дәлелі деп көрсетеді лирика тарихын зерттеуші Т.Кәкішұлы. Ғалым болжауынша ұзақ та күрделі даму жолынан өткен қазақ поэзиясының келешегінде пайдалы тұстары бар. Ол, біріншіден, өлең-сөздің тұрақты форманы иеленуінде жетекші түрі болуы мүмкін. Екіншіден, жаңа шығармашылық мүмкіндіктерді ашады. Үшіншіден, жаңа әдісті игеру, орнықтыру, көркемдік шеберлікке жетілдіре түсу үдерісінде мұрындық болмақ.

«Өтпелі дәуір поэзиясының» (1960) үшінші бөлімі «Қазақ (совет) поэзиясы қалыптасуының шешуші факторлары» аталып, мұнда ұлт поэзиясының аяғынан тік тұрып, қаз басуын ғалым ХХ ғасырдың 20-жылдарының аяқ шеніне дейін созылды деп есептейді. Ал, ол тұрақты даму үдерісіне түскен өскелең жанрдың негізгі шешуші рөлге ие қалыптастырушы тұлғалары, көшбасшылары ретінде үш ақынды, олардың жаңашыл, бастамаларын үлгі етеді. Олар: С.Сейфуллин, Б.Майлин және С.Мұқанов. Сәкен поэзиясы арқылы өршіл романтикалық кеңестік заман бейнесі «шебер мүсінделгенін» алға тартса, сюжетті, шағын өлеңдерімен Бейімбетті дәріптейді, шын мәніндегі көркем образдардың жасалуында Сәбиттің шегіне ешкімді жеткізбейді зерттеуші Т.Кәкішұлы. Өз тұжырымына еш күмәнсіз автор: «Творчестволық осы үш процесс қазақ поэзиясының аз жыл ішіндегі табыстарын да, өлең өрнектеріне сыздықтап енген жаңалықтары да, жанрлық түрлердің көбеюін де, көркемдік шеберлікке жету жолындағы ізденістерді де қамтиды» [2, 62] деп бір-ақ кеседі. «Халықтық және профессионалдық поэзияның творчестволық бірлігі жайында» делінген тараушада аталған екі (халықтық және кәсіптік) поэзияның шығармашылық байланысын қарастырады. Ғалым екі салалық арнаға бөлінгенімен өркендеу, өсу жолының барысында ескі мен жаңаны байланыстыруда «бір арнаға құюы осы әдебиеттің ерекшелігінен саналады» деп бағалайды. Жазба әдебиеттің көркемдік қасиетін күшейтуде халықтық дәстүрдің, әсіресе фольклорлық мұралардың әдіс-тәсілдеріне қаныққан халықтық поэзияның жетек-

шілік ролінің күшті, әсерлі болғандығын зерттеуші өз жазбасында атап өтеді. Кәсіптік жазба поэзияның жетіліп-өсуіне ауыз әдебиеті дәстүрінің оң ықпалы болғандығын Т.Кәкішұлы екі тұрғыдан қарастырады. Бірінші, шығармашылық таланты, мүмкіндігі аздау, дәрменсіз ақындардың ауыз әдебиетінің «уысынан» шыға алмағандығымен байланыстырады. «Мұны талдап жатудың қажеті аз, өйткені олар не ауыз әдебиетінің, не жазба әдебиеттің өкілі болып ештеңені жарылқаған жоқ» деп тұжырады. Екінші, жазба әдебиеттің көрнекті өкілдері боп, қалам тартқан шын дарындардың екі салада да жемісті еңбек еткенін, олардың «шығармаларында екі саланың творчестволық бірлікпен өрілгенін көреміз» дейді автор. Т.Кәкішұлы фольклор мен жазба әдебиеттің ара жігін шебер қиыстырып, дәстүр мен жаңашылдықты одан әрі шынайы түрде дамытқан ақындарға І.Жансүгіровті («Беташар»), С.Сейфуллинді («Келіншектің бесік жыры») жатқызып, олардың поэзиясындағы ауыз әдебиетіне тән үлгілердің молдығын, ескіге жаңа мағына беріп, сөз қуатының ерекше екпін ала күшейе дами түскендігіне назар аударады. Мәселен, жоғарыда сөз болған Ілиястың «Беташарында» «түр, мақам жағынан халыққа талай ғасырдан белгілі, көңіліне мақтан арнаған беташардың барлық дәстүрін сақтап, оған жаңа мағына бергендігін» атап өтсе, Сәкеннің «Келіншектің бесік жырында» сипатталатын ұлт болашағына қажетті қарекеттердің, керекті, болуға тиісті адами қасиеттердің баршасын қамти алған деп баға береді.

Сын тарихшысы Т.Кәкішұлының пайымынша, халықтың және жазба поэзияның арасындағы жеделдеткен «жеделдете түскен процесс» боп табылады. Екі саланың ойдағыдай дамуына ықпал еткен, үйрену мектебі болған қуатты екі арнаның болғанын ғалым ата өтеді:

«Біріншісі» – талай ғасырдан бері поэзия саласында көркемдік шеберліктің биік деңгейіне қол создырған жалпы қазақ әдебиетінің, әсіресе, Абай жасаған озық дәстүрлер мен кеңес ақындарының бір-біріне ықпал етуі;

Екінші арна – басқа әдебиеттерден, әсіресе орыс әдебиетінен үлгі алып, үйрену жолдары;

Қазақ өлең-сөзінің сан жылдық даму тарихынан сыр тартқан Т.Кәкішұлы «Өтпелі дәуір поэзиясы» (1960) зерттеуінде ұлт өлеңінің өткен жолын біз айтып өткен үш бағытта (үш тақырыпта) алып, тексеріп қарастырған. Егер де Т.Кәкішұлы ізденісінің нәтижелерін қорытсақ, ол мынадай мәселелердің шешім табуына қол жеткізген.

1. Қазақ Республикасының (ҚазССР) 40 жылдық мерейтойы қарсаңында кеңестік қазақ поэзиясының алған асуын, қол жеткізген табыстарына өзі өмір сүріп отырған қоғамның идеологиялық көзқарасының шеңберінде тексеруге қол жеткізген.

2. Қазақ поэзиясының қалыптасу, өсу, даму жолында кездескен қиындықтардың себеп-салдарын анықтауға, білуге, сол арқылы болашақ бағдарын болжауға күш салды.

3. Поэзия дамуындағы саяси лириканың алатын орнын, атқаратын идеологиялық өнерін әдебиеттің формалық, мазмұндық әрі көркемдік қуатымен байланыстыра, қабыстыра зерделуге күш салды;

4. Қазақ поэзиясының қалыптасуындағы шешуші факторларды жаңа заман жырының түзелісіне ат салысып, алдыңғы саптан табылған кеңесшіл, пролетаршыл ақындар шығармаларының айдынына үңілу арқылы табуға ұмтылды, мақсатын айқындады.

5. Ұлт поэзиясының даму, өркендеу барысында шешуші әдіс-тәсілдерге айналып, жалпы өсуде ықпал-әсері барынша мықты әрі мығым бағыттарға не халықтық және кәсіптік (профессионал) жазба әдебиеттің екі саладағы бірлігіне, құстың қос қанатындай жетілу өрісіне назар аударды.

Ғалым Т. Кәкішұлының көркем сөз – поэзия өнерінің, оның иесі өлең тудырушы өнерпаз-ақындар шығармаларының басты-басты деген жаңашыл өрнек-үлгілеріне әр қырынан көз салып зерттеулер жазуы – қазақ әдебиеттануының өлең-сөз жанрын тексерушілердің түпкі мұрат-мақсатының нәтижелілігін айғақтаса, дәлелдесе керек.

Т. Кәкішұлының «Аққан жұлдыз жарығы» (1969) аталған зерттеу жазбасының нысандық тұлғасы – «жарқын жұлдыздай ағып өткен жалынды ақын» – Баймағамбет Қанапияұлы Ізтөлін.

Б. Ізтөлінді ғалым пәк сезімді, адал жүректі, дархан көңілді, ой-арманы шалқар ақынға жатқызады. Зерттеудің алғашқы ширегінде Б.Ізтөліннің өмірі мен қайраткерлігіне кеңінен тоқталған автор келесі ширекте ақын өлеңдеріне талдаулар жасайды. Ақын мұрасының көлемі шағын болғанымен, мән-мағынасының салмақты екенін ескерткен ғалым Б. Ізтөлінді Сәкен дәстүрін, жолын жалғастырушы суреткер есебінде таниды. «Қазақтың ағартушы-демократ әдебиетінің бағытынан нәр алып революциялық идеологияны бірден жырлап кеткен Баймағамбеттің жолы Сәкен Сейфуллинді еріксіз еске түсіреді» [3, 144] дейді ғалым. Сәкен сынды бірден жаңа дәуірдің саясатын оңды ұғынып, тың тыныспен жырлаушы кіріскен ақынның шабыты тасып-шалқып, нақ кемеліне келген кезде өмірден кетуін кезінде С.Мұқанов та [4, 304] жазған болатын.

Жеке ақындар тұлғасына, олардың өнерпаздық-шығармашылық орбитасына барлау жүргізуде ғалым қырына алынған ақындардың санында Шолпан Иманбаева да бар. Шолпан әдебиет тарихында өзіндік орны бар, қазақтың жазба әдебиетінде аты мәлім, әйелдер ішінен шыққан тұңғыш ақын-қарлығаштардың бірі. Т.Кәкішұлы Ш.Иманбаеваның өмірбаяндық ғұмырына жан-жақты тоқталады. Ақын өлеңдерінің өрісін, өзіндік қолтаңбасын айырып-айқындауға күш салады. Шолпан жырларының негізгі арқауы қазақ әйелдерінің сан ғасырға созылған күндік қамытынан құтылуы, жаңа өмірді қуана қарсы алу идеясын көтергенін зерттеуші: «Оның творчествосының негізгі бағыты-күндіктен құтылып, азаматтыққа қолы жеткен қазақ әйелдерінің арманы мен талабын, келешегін жырлау» [5, 15] ұғындырады.

Қазақ өлең-сөзінің келелі мәселелерін қарастыру үстінде Т.Кәкішұлының қалам қырына іліккен үлкен суреткердің бірі – Сәбит Мұқанов. Сәбиттің әдебиеттегі тарпақ тұлғасын таныту барысында оның ақындық өнеріне де ізденіс жүргізген ғалымның «Халқына тартқан қаламгер» (1980) зерттеуінде нақты сипатталады. С.Мұқанов жайындағы монографиялар мен зерттеулердің әдеби-ғылыми еңбектердің көптігін алға тартқан зерттеуші өйтсе де: «Зор дарын туралы, оның өнер өткелдеріне көз сала отырып, қазақ әдебиетіне қандай олжа салғанын, қандай үлес қосқандығын қысқаша айтып өтуді жөн көрдік» [6, 162] дейді.

Тұрсынбектің тың тұжырым, соны пікірмен жазылған мақаласы («Кенші ақын сырлары», 1982) қазақ лирикасында өзіндік жаңалығы бар Кәкімбек Салықовтың поэзиясын зерттеуге арналған. Кәкімбектің суреткерлік келбетін кеңірек көлемде қарастырмақ болған Тұрсынбек мақаласы бірін-бірі толықтырған екі бөлімнен тұрады. «Сезім мен сурет өрімі» аталған бөлім материалдары соңында көрсетілгендей 1978 ж. жазылған. Ал «Шын жүректен» аталған бөлім алдыңғының 1982 ж. жазылған жалғасы болса керек.

Т. Кәкішұлы танымында кенші ақын атанған К.Салықовта, оның ақындығында «өрекпеу, кеуде соғу, мықтылық көрсету жоқ, қасиетті әдебиеттің, ақ жарқын поэзияның алдында иба сақтау басым. Оның ибалығы әшейіндік жасқаншақтық емес, үлкен ақындық мәдениеттің көрінісі» [7, 284]. Осылайша қарапайым жүріп-ақ өз үнімен, өз даусымен таныған ақынның шығармашылық айдынына тереңнен көз салған ғалым К.Салықов суреткерлігінің негізгі басты ерекшеліктерін көрсетіп, оның өлеңдерінен үзіктер келтіре талдайды.

Осы жүйелі топшылаулар мен жинақты тұжырымдар ғалым Т. Кәкішұлының К. Салықов ақындығын айқындаудағы негізгі басты белгілер саналады. Кәкімбектің мықты ақын, сарабдал суреткер, сыршыл лирик, ақылман дидактик т.б. поэтикалық қырларын жан-жақты ашып әдеби-ғылыми үдерісте талдап, шағып шыққан Т. Кәкішұлы Салықов шығармашылығында кездесіп қалатын кемшін тұстары да өзінің сыншылық сарабынан тыс қалдырмаған. Мәселен, сыншы, ғалым Т. Кәкішұлы: «Әрине, Кәкімбектің қолынан шыққанның бәрі де сурет болып

кетеді дегеннен аулақпын» [7, 288] дей келе «Балхаш көліне арнағаны ажарсыз болса, «Жетісудің желкілдеген жеті өзеніне» Ілиястан кейін теңеу таба алмай, қатты қиналған» дейді.

Кәкімбек Салықов өзінің шығармашылық ізденіс аймағында орыс ақындары С.Есенин мен А.Твардовский үлгілерін пайдаланғанын, сол дәстүрмен Москва тақырыбындағы циклдердің дүниеге келгенін Т. Кәкішұлы өз зерттеуінде атап өтеді. Кеңестік елдер (орыс, қырғыз, болгар, румын т.б.) мен Қазақстан арасындағы достық қарым-қатынастарды жырлаудағы көркемдік әдіс-тәсілдерді «Шын жүректен» (1979) жыр жинағында қалай іске асырғанын, өзі өмір сүріп отырған қоғамның тыныс-тіршілігін оптимистік сарында кеңінен жырлай алғандығын Т. Кәкішұлы ақынның шынайы талантының дәлелі ретінде алып, бағалайды.

Ұлт әдебиеттануының дамуына үлкен үлесін қосып, сын тарихының тұтас дәуірлік деңгейін әріден қозғап, бүгінгі ғасырға жеткізуші ғалым Т. Кәкішевтың мол рухани дүниелерінің ішінде қазақ лирикасының өзекті мәселелерін көтерген зерттеулерінің мәні мен маңыздылығы жуық арада құнын жоймайтыны кәміл анық.

1. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы: Білім, 2003.-188б.

2. Кәкішев Т. Өтпелі дәуір поэзиясы. Кітапта: Дәуір дидары. Алматы: Жазушы, 1985.-304 б.

3. Кәкішев Т. Аққан жұлдыз жарығы. Кітапта: Дәуір дидары. Алматы: Жазушы, 1985.-304 б.

4. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 16 томдық. Алматы: Жазушы, 1979.-380 б.

5. Кәкішев Т. Шолпан. Кітапта: Дәуір дидары. Алматы: Жазушы, 1985.-304б.

6. Кәкішев Т. Халқына тартқан қаламгер. Кітапта: Дәуір дидары. Алматы: Жазушы, 1985.-304 б.

7. Кәкішев Т. Кенші ақын сырлары. Кітапта: Дәуір дидары. Алматы: Жазушы, 1985.-304 б.

Обращение пристального внимания к трудам профессора Т. Кәкішұлы позволяет заметить, что значительную часть его трудов о развитии казахской литературы занимают исследования жанра лирики. В статье сделан анализ научных исследований об истории и природе казахской поэзии.

Paying great attention to professor T. Kәkishuly is works lets notice that the main part of his works about the development of Kazakh Literature takes investigation of lyrics. There was done the analysis of scientific researches about the history and nature of Kazakh poetry in the article.

Л. Е. Сапартаева

I. ЖАНСҮГІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫ

Ілияс Жансүгіров – аса ірі талант иесі. Ол қазақ әдебиетінің барлық жанрында үлкен еңбек сіңіріп, осы әдебиеттің негізін салушы, үлкен тірегінің бірі болды. Ілиястың жазушылық еткен жиырма шақты жыл өмірі қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңдерімен

тұстасады, яғни ол осы әдебиетпен жарыққа бірге шығып, бірге жасасып келді. Сондықтан өзі негізін салысқан жас әдебиеттің жетістіктері мен табыстарының бәріне Ілияс ортақ, бәрінде оның үлесі бар. Күннен – күнге, жылдан – жылға үздіксіз өсіп,

жетіліп келген осы әдебиетінің алдында тұрған маңызды мәселелері мен міндеттері Ілияс шығармашылығына да тән. Сондықтан да бүгінгі тәуелсіздік алған кезде Ілиястың ақындық қуатына, ерекшелігіне қайта айналып соғып, оның шығармаларының құндылығына айрықша тоқтау қажет.

Жүйрік те асқақ ақын Ілияс Жансүгіров ең алғаш әдебиетке қадам басқанда ортадан төмен білімі бар, ауылда өскен ересек жігіт еді. Оның бойындағы бар қаруы: ауыз әдебиеті, Абай мен Ыбырайдың, Махамбет және т.б. өлеңдері және кейбір Шығыс ақындарының шығармалары болатын.

Ауылда өскен жас ақынның туған ел әдебиетіне – халықтың асыл сөзіне – бұл секілді таң қаларлық тамаша көзқарасына Абайдың тікелей әсері тигендігі даусыз. Мұны Ілияс өлеңдерінің құрылысынан да анық көреміз. Поэзияда Абай жасаған үлгілер Ілияста өте кең орын алған. Басқасын былай қойғанда, Абайдың өзінде сирек кездесетін «Сегіз аяқ», пен «Бойы бұлғанның» үлгісімен жазған Ілияста «Қалпымыз», «Шым – шытырық» деген өлеңдер бар.

Ілияс поэзиясының қалыптасуына Абай шығармашылығының тигізген әсерін және Ілияс шығармаларында Абай өнегесінің алатын үлкен орнын тағы да толып жатқан мысалдармен көрсетуге болады. Орыс поэзиясының Абай қолданған шалыс ұйқас үлгісі Жансүгіров поэзиясында аллитерация, ассонанстармен құлпырып жанып кетеді.

Жанардың жанған жалыны,
Жердің жүзін жарық етер.
Жарылқар жалшы, жарлыны,
Жаңа жұрт жасар, қарқ етер.[1.235]

Жалпы ассонанс пен аллитерация – Ілияс поэзиясында табиғи түрде кең орын алған ақындық құралдар. Олар еркін, өзінен - өзі ағылып, құйылып отыратын секілді.

Осымен бірге Ілияс үш буын, бес буын өлеңдердің де үлгісін салып көрген.

Ақынның ерекшеліктері өлең түрлерімен қабат, басқа да поэзиялық қасиеттер мен көркемдеуіш құралдардан тұратыны белгілі. Соның ішінде ақынның үні, арыны, лебі, тынысы, тілі, сарыны, бейнелеу тәсілдері секілді бір – бірімен тығыз байланысты қасиеттер мен құралдар – ақынның идеялық өресіне сәйкес өмір шындығын көркем бейнелеуге қызмет етіп, ақынның талантын, поэзиялық күш – қуатын, шеберлігін танытатын белгілер мен сипаттар.

Бірақ кейін келе ол өзінің ақындық күшінің ең салмақты жағы поэма екенін баршаға дәлелдеп берді. Ақын бойындағы айрықша қуат пен дарын, шеберлік пен ойлылық оның эпикалық туындыларынан айрықша көрінеді. Әсіресе, «Дала» мен өнер тақырыбына жазған поэмалары «Күйші», «Құлагер» тұсында Ілияс өлшеусіз биікке көтеріледі.

«Ілияс Жансүгіровтің ақындық мұраларының ішінде үш поэмасы қазақ поэмасының екі үлгісін танытады, Осы «Дала», «Күйші», «Құлагер» поэмалары тұсында қазақтың Абайдан кейінгі поэзиясы аса биік, ірі сапа табады. Бұлардағы дүниені көрер көз, сезіну сыры, жалпы дүние тану қалпы, ақындық сыр, өмірге қараған көзқарас – барлығы да бұрынғы қазақ

поэзиясы тудырмаған тың жаңалықты аңғартады. Осы поэмаларда бейнелегіштік тапқыр оймен ұдайы жақсы үйлесіп отырады». - деген еді М. Әуезов.[2.265]

Заман шындығын терең ашып дәуірдің қат – қабат шытырманды оқиғаларын геройдың психологиялық сезім күйлері арқылы бейнелеу Ілиястың өнер тақырыбына арналған поэмаларының көркемдік сапасын белгілейді. «Күйші» поэмасындағы Қаракөз бен күйші жігіттің өнерге еліктен адамдық сезім осалдығы кейіпкерлерді үлкен арпалысқа салады. Біріне – бірі бір ауыз сөз қатпастан күй тілімен түсінісіп отырған кейіпкерлер сезімін суреттеуде ақын үлкен шеберлікке көтеріледі. Сонымен бірге Ілияс кейіпкер мен заманның ара қатынасын белгілеуде де тың түсінік, жаңа көзқарас аңғартады. «Құлагер» поэмасындағы Ақан арқылы Ілияс беймезгіл заманда туған өнер адамының ескілікке деген өктем назарылығын көреді. Сондықтан да Ақанның қанша қуғын мен азап көрсе де, мойып, ешкімге бас имеген кейпінен ол үлкен романтикалық бейне табады. Ақан өлімнің өзіне ол романтик кейіпкер дүниеге табынбай, өрлікпен өтуі ретінде қарайды («Тұсында пері болсын, сері болсын, ұнайды өлімімен Ақан маған»[1.310].

Ілиястың тарихқа көзқарасы, оны тануы мен екшеп ала білуі, бұл жағынан, кейінгі әдебиетшілерге көп үлгі. Дәуірі жағынан ескі заман уақиғаларын суреттеуге арналғанмен, ақын поэмалары бүгінгі дәуір шындығымен терең байланыста жазылған. Мольқбайды айтса, ол бүгінгі күй сарынының өзгергенін, жаңа күйді көрсетеді. «Күйшіде» хандар тепкісінде теңдік аңсаған күй сарыны мен «Құлагерде» Ақанды зарлатқан заман әділетсіздігін бүгінгі шындыққа қарсы қояды. Фольклорлық дәстүрді дамытып оны бүгінгі мазмұн мен түр бірлігімен қалтқысыз сәйкестіре сақтаған бұл туындылар дүниежүзілік поэзияның озық дәстүрлерін бойына сіңірген үздік үлгілері еді.

Ілияс эпикада да, лирикада да терең ойдың, үлкен сезімнің, ұшқыр қиялдың ақыны болды. Ол әрқашан ақын жүрегін жарып шығатын шын сезімді жырлады. Ал, ақын сезімі үнемі заман құбылыстарымен, ондағы өзгеріспен байланыста көрінді.

Ілияс поэзиясына тән тағы бір зор ерекшелік – оның ақындық екпініндегі өзіндік үн, лирикалық леп. Не жайында, қандай күйде жырласа да, ақын шын көңілмен жырлайды. Барлық жерде ақынның жүрек сыры ақтарылып, ыстық сезім жалын атады. Оған салқындық, селқостық яки жалған сезім жат. Дарашылдық пен эстетшілдік лирикасынан Ілияс аулақ. «Кенесті далам, кең далам», «Айдалам, Арқам, ауылым», «Асылға бай кендерім, астыққа бай жерлерім», деген өлең жолдары, жүректің тек қана таза шыңырауынан шығуы мүмкін. Ілияс поэзиясына айрықша әр, ажар, әсерлі күш беретін де осы – жалынды лирикалық леп.

Қазақ поэзиясында бүгінге дейін өнер жайында көп жазған және көркемдіктің шыңына жеткізе жазған І.Жансүгіров пен теңдесер қаламгер жоқ. Сонау 20-жылдардың бас кезінде өмірге келген "Әнші"